

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығына сәйкес "Тұрғынүйқұрылысбанкі" жабық акционерлік қоғамы берген женілдікті тұрғын үй несиelerін алған азаматтардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 ақпан N 304

Женілдікті тұрғын үй несиelerін алған азаматтар үшін теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшудің әлеуметтік зардалтарын әлсірету мақсатында және "Банк ЦентрКредит" ашық акционерлік қоғамымен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 5 сәуірден бастап теңгенің айырбас бағамының өзгеруіне байланысты "Тұрғынүйқұрылысбанкі" жабық акционерлік қоғамы берген женілдікті тұрғын үй несиelerін алған азаматтардың (бұдан әрі - Заемшылар) міндеттемелерінің бір бөлігін республикалық бюджеттен қаржыландыру орынды деп танылсын.

2. "ЦентрКредит Банкі" ашық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "ЦентрКредит Банкі" ААҚ) 1 АҚШ доллары үшін 88,3 теңге бағамды және 5 пайыз жылдық сыйақы ставкасын ескере отырып, 1999 жылғы 1 сәуірден бастап олар бойынша тараптардың міндеттемелерін белгілей отырып, Заемшылармен несие шарттарына қосымша келісімдер жасау ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) "ЦентрКредит Банкі" ААҚ-мен Шарт жасассын, онда 2000 жылғы 8 желтоқсанда Қаржы министрлігі мен "ЦентрКредит Банкі" ААҚ арасында қол қойылған Заемшылардың тобын нақтылау мәселесі жөніндегі келісімде анықталған Заемшылар мен шарттар бойынша бағамдық айырманы есептеу мен төлеу тәртібін және шарттың мерзімін ұзарту құқығының "ЦентрКредит Банкі" ААҚ-ның 1999 жылғы 1 сәуірден бастап Заемшылармен жасалған несие шарттарының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі кезең үшін бағамдық айырманы 1 АҚШ доллары үшін 88,3 теңге бағамы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті жылғы 31 желтоқсандағы бағамы арасындағы айырма ретінде анықталсын. Бағамдық айырманы өтеу Заемшылардың бір жылғы негізгі борыш пен сыйақыны өтеу сомасына жүргізіледі. 2002 жылды өтемақы төлеу 1999 жылғы 1 сәуірден бастап 2001 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезең үшін жүргізіледі;

2) 2002 жылдан бастап және осы қаулының 1-тармағында көрсетілген берілген несиeler бойынша жасалған несие шарттарының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін республикалық бюджетте алдыңғы қаржы жылды үшін бағамдық айырманы төлеуге

жыл сайын қаражат көздесін, бұдан басқа, 2002 жылдың республикалық бюджетінде 1999 және 2000 жылдардың төлемдері бойынша

бағамдық айырманы төлеу көзделетін болсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК